

КОНФЕРЕНЦИЯ

Білікті физиктер бас қосты

Ақерке РАҒЫЗБАЕВА

Өскеменде Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ профессоры Сергей Викторович Плотниковты еске алуға арналған «Қатты дене физикасы» тақырыбында XVI Халықаралық ғылыми конференция өтті.



Жібек НҰРАХМЕТ

«Қатты дене физикасы» Халықаралық ғылыми конференциясы 1986 жылдан бастап республиканың әртүрлі қалаларында өткізіліп келеді. Конференция қатты дене физикасының іргелі және қолданбалы мәселелеріне арналған.

– Жиын мақсаты – Қатты дене физикасы саласындағы білім, тәжірибе және соңғы жетістіктермен алмасуға ықпал ету. Сондай-ақ қатты дене физикасының дамуына үлес қосқан профессор Сергей Викторович Плотниковты еске алу. Іс-шара зерттеушілерді, инженерлерді және жас ғалымдарды біріктіріп, профессор жұмысының тақырыбына байланысты өзекті зерттеулерді талқылауға, озық тәжірибелермен алмасуға, ғылыми және пәнаралық байланыстарды нығайтуға бағытталған, – деді Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ жетекші ғылыми қызметкері, Phd Дидар Қайратұлы.

Конференция аясында 70-тен астам ғылыми мақалалар мен зерттеулер қабылданды. Назарбаев университетінің аға ғылыми қызметкері,

қауымдастырылған профессор, Phd Аманжол Тұрлыбекұлы профессор Сергей Викторович Плотниковпен етене қызмет істеп, ұлы тұлғаның ұлы жолы туралы баяндама жасады.

– Сергей Викторович медицина саласындағы материалтану бағытына орасан еңбек сіңірді. Бірге жазылған ғылыми мақалалар әлем бойынша дәйектері көп қолданылатын топ-10-дыққа кіреді. Оның бастамасымен өндірістік 3D принтер алынып, алғашқы импланттар шығарылды. Сондықтан оны бірегей тұлға ретінде қарастыра аламыз. Өз қарамағындағы студенттерге мейірімін көрсетіп, қолдап, білгенін аямай үйреткен адам. Шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде лауазымды қызметтерде жүр десек, артық айтқандық емес, – деп атап өтті Аманжол Тұрлыбекұлы.

Конференция қорытындысы бойынша, халықаралық және отандық сарапшылар халықаралық және республикалық журналдарда жариялау үшін мақалаларды іріктейтін болады.

ИН

30

ку

Бүгін
мінде
зомб
бойы
артті

Қ
зорл
бепт
жұм
тере
білі
ұсы
дая
түр
сіл
тер
ғы
ру

бү
от
«Э
ал
сі
й
С
д
ш
зі

БІЛІКТІЛІК

істерістер мені